

Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 2-4 " Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 7-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 қаңтарда № 3149 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 6 қарашадағы № 13-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихаттың 06.11.2013 № 13-3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес Бөкей ордасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бөкей ордасы аудандық мәслихатының "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 2-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-4-130 тіркелген, 2012 жылғы 29 мамыр - 4 маусымдағы "Орда жұлдызы" газетінің № 22 жарияланған) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшасында мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ; " ;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерін және оларға теңестірілген адамдарды, олардың жесірлерін, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларын, тылда еңбек етіп, әскери қызмет өткерген азаматтарды жергілікті бюджетпен көзделген қаражат шектерде санаторлық курорттық емделуді ұсыну."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Р. Мұхамбетчин
Е. Таңатов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК